

FTAXP 06.71.07

ӘОЖ 338.012

JEL Q13, R23

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-3-387-402>

ЖЕНСХАН Д.,¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

БОДАУХАН Қ.,¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: kairat_2208@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3232-5315

ЛИМ С-С.,²

PhD, профессор.

e-mail: songsoo@korea.ac.kr

ORCID ID: 0000-0002-2894-1879

АППАЗОВА Г.Ж.,^{*1}

докторант.

*e-mail: banu.appazova.1994@gmail.com;

ORCID ID: 0009-0004-0486-2908

¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті

Астана қ., Қазақстан

²Корея университеті,

Сеул қ., Корея

ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНДЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫНА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Ауыл шаруашылығы кооперативтері (АШК) ауыл тұрғындарының табысын арттырып, жұмыс орындарын құрумен қатар, фермерлердің шығындарын азайтуда маңызды рөл атқарады. Мақаланың мақсаты – еліміздің өңірлік ерекшеліктері мен ауыл тұрғындарының үлесін ескере отырып, АШК-ны дамытуға ең қолайлы облыстарды ғылыми тұрғыдан анықтау және олардың ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы көрсеткіштеріне әсерін бағалау. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей зерттеулер жүргізілді: Қазақстан өңірлері бойынша ауыл тұрғындарының үлесіне салыстырмалы талдау жасалды; максималды және минималды әдістер аясында АШК-нің дамуына динамикалық талдау жасалды және АШК-ін дамытуға потенциалды облыстар анықталды. Зерттеу объектісі ретінде: Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары іріктелді. АШК-нің экономикалық көрсеткіштері аясында аталған облыстардың ауыл халқының табыс деңгейі мен өмір сүру сапасына әсер етеуі мүмкін негізгі параметрлер ғылыми негізделіп көрсетілді. Бұл облыстардағы ауыл халқының санының азаюына әсер етуші факторды анықтау үшін көп факторлы корреляциялық-регрессиялық талдау әдісі қолданылды. Деректер 2017–2023 жж. аралығын қамтиды. Облыстардың халық саны және оның халықтың өмір сүру сапасының индикаторлары (5 көрсеткіш) мен ауыл шаруашылығы кооперативтері бойынша экономикалық көрсеткіштер (5 көрсеткіш) өзара байланысы есептелді. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны артқан өңірлер мен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы арасындағы байланыстың әлсіз екені анықталды. Ал ауыл шаруашылығы өнімдерін ірі көлемде өндіретін облыстарда бұл байланыс айтарлықтай жоғары деңгейде екені анықталды. Осыған байланысты, мемлекеттік органдар фермерлерге АШК-нің артықшылықтарын жан-жақты түсіндіруге, АШК-нің өнімдерін өткізу, консультациялық және техникалық жабдықтау секілді түрлерін дамытуға, жер ресурстарымен қамтамасыз етуге, кооперативтерді ұйымдастыру барысында өңірлік ерекшеліктер мен ауыл халқының үлесін ескеруге тиіс. Сондай-ақ, АШК-нің ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсерін мұқият назарда ұстау қажет.

Тірек сөздер: ауылдық аймақтар, ауыл шаруашылығы кооперативтері, фермер, үй шаруашылықтары, ауыл тұрғындары, тұрмыс деңгейі, табыс деңгейі, шығын мөлшері.

Кіріспе

Кооперативтер инклюзивтілік, әділеттілік және адамға бағытталған өсім қағидаттарын жүзеге асыра отырып, тұрақты дамуды ілгерілету бойынша бірегей мүмкіндіктерге ие. Өз мүшелері мен қауымдастықтарының қажеттіліктерін бірінші орынға қойып, кооперативтер тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге тікелей ықпал етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) 2030 жылға дейінгі Тұрақты Даму Мақсаттарына (ТДМ) жетуде кооперативтер маңызды рөл атқарады және әр мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрғыда тұрақты дамуына үлес қоса алады деп көрсеткен [1]. Көрсетілген негіздемелерге сәйкес БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2024 жылғы 19 маусымындағы A/RES/78/289 қарар арқылы 2025 жылды «Халықаралық кооперативтер жылы (ХКЖ)» деп ресми түрде жариялады. Бұл бастама Моңғолия мен Кенияның қолдауымен жүзеге асты. Аталған бастамада кооперативтердің тұрақты дамуды ілгерілетудегі, кедейлікті жоюдағы және инклюзивті экономикалық өсімді қолдаудағы өмірлік маңызын атап көрсетілді [2].

Қазіргі уақытта әлем бойынша әртүрлі салаларда жұмыс істейтін шамамен 3 млн-нан астам кооперативтер бар, олар 1200 млн-ға жуық мүшені біріктіреді. Кооперативтер ауыл шаруашылығы, тұрғын үй құрылысы, банк саласы, денсаулық сақтау, білім беру, энергетика, бөлшек сауда, өнеркәсіп және қызмет көрсету сияқты түрлі салаларда кеңінен таралған [1].

АШК-і тұрақты дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үш өлшемін біріктіретін 17 Тұрақты даму мақсатының орындалуы үшін зор үлес қосып келеді. Осылайша қазіргі кезде кооперативтер әлемнің көптеген ауылдық аймақтардың әл-ауқатын жақсартуға, жұмыс орындары мен кәсіпкерлікті дамытуға, қаржылық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге, инклюзивті және гендерлік теңдікке негізделген жасыл өсімді ілгерілетуге үлес қосу арқылы жергілікті деңгейде экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуге ықпал етуде [3].

АШК-ін дамыту механизмі ауыл тұрғындарының үлесі жоғары мемлекеттерде: Үндістан (63,6%), Индонезия (41,4%), Қытай (34,8%) жақсы ұйымдастырылған. Бұл мемлекеттерде АШК-ін дамытудың ұйымдық-басқарушылық (жергілікті және өңірлік) механизмдерін іске асыруда жергілікті органдар маңызды рөл атқарады. Аталған мемлекеттер АШК-нің ұйымдық іс-әрекеттері үшін қажетті ресурстарды біріктіруді жүзеге асыра отырып, тәуекелдер мен пайданы бөлісуге ықпал ете білді. Атап айтқанда, АШК фермерлерге суды үнемдейтін суару технологияларын енгізуге, химиялық пестицидтер мен тыңайтқыштарға шамадан тыс тәуелділікті азайтуға, фермерлердің ұйымдық іс-қимылын нығайтуға, ауылдық басқару жүйесін жетілдіруге және ауылды жандандыру шараларын жүзеге асыруға қолдау көрсетті [4]. Дегенмен, жаһандану жағдайында соңғы 40 жыл ішінде әлемде АШК-ке деген талаптардың артуы, трансшекаралық ауыл шаруашылығы кооперативтерінің халықаралық заңнамасының жоқтығы немесе сәйкес келмеуі салдарынан, бұл шаруашылық түрі ұйымдастыру мен басқару механизмдері тұрғысынан, әсіресе мүшелердің өкілдігі мәселесінде, көптеген қиындықтарға тап болып отыр.

Қазақстан дамыған мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, 2015 ж. 29 қазанда «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңды қабылдады. Бұл заң кооперативтік қозғалысты қайта жаңғыртып, оның құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындады. Сонымен қатар, аталған заң елдегі аграрлық саланы дамыту және ұсақ шаруашылықтарды біріктіру арқылы ауыл халқының табысын арттыру мақсатындағы маңызды институционалдық қадам болды [5].

АШК-нің ауыл тұрғындарының табысын арттырудағы және ауылдық аймақтарды дамытудағы маңызын бірқатар стратегиялық құжаттарда көрсетті, атап айтқанда: ҚР-ның Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жж. арналған тұжырымдамасы [6]; ҚР-ның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2030 жж. арналған тұжырымдамасы [7]; ҚР-ның Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту жөніндегі 2024–2028 жж. арналған кешенді жоспары [8] және т.б. Заңнамалық негіздердің болуына қарамастан, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуы бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр, оларға: кооперативтердің түрлі бағытта дамымауы, фермерлер арасындағы АКК-не сенімсіздігі, қаржылық ресурстарға қолжетімділіктің шектеулігі және көптеген кооперативтердің тек формалды түрде тіркелуі сияқты мәселелер бар. Атап айтқанда, 2021 жылғы тексерулер кезінде АШК-нің 18%-ы мүлде жұмыс істемейді, ал 42%-ы тек қағаз жүзінде ғана құрылған. АШК-і жалпы ауыл шаруашылығы өніміндегі үлесі 1%-дан аспайды. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдауға тәуелділік жоғары. Мемлекеттік субсидиялар

нарықтық тетіктерді алмастырып, фермерлердің кооперативтерге шынайы мүше болуға деген ынтасын төмендетіп отыр [9]. Сондықтан кооперативтік қозғалысты одан әрі дамыту үшін нормативтік базаны жетілдіру, кооперативтердің экономикалық ынталандыру жүйесін күшейту және фермерлер арасында кооперацияның артықшылықтары туралы түсіндіру жұмыстарын кеңейту қажет.

Мақаланың мақсаты – еліміздегі ауыл тұрғындарының үлесін ескере отырып, АШК-ін дамытуға мүмкіндігі бар облыстарды анықтау және олардың ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы көрсеткіштеріне әсерін бағалау. Мақсатқа жету жолында келесідей міндеттерді орындау қажеттілігі анықталды: өңірлер бойынша ауыл тұрғындарының үлесіне салыстырмалы талдау жасау; Республика бойынша АШК максималды және минималды даму деңгейін ескере отырып, АШК дамытуға потенциалды облыстарды анықтау; өңірлердегі (Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары) ауыл халқының табыс деңгейі мен өмір сүру сапасына әсер ететін АШК-нің маңызды параметрлерін ғылыми негіздеу.

Материалдар мен әдістер

АШК-нің ұлттық экономиканың дамуындағы стратегиялық маңызы мен функционалдық рөлі отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау құжаттарында жан-жақты сипатталған. Отандық және шетелдік зерттеушілер АШК-нің ауылдық аумақтардағы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі әлеуетін ерекше атап өтеді. Шетелдік зерттеушілер АШК еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, ауыл тұрғындарының кірісін арттыру, инфрақұрылымды дамыту және тұрмыс сапасын жақсарту тұрғысынан маңызды рөл атқарады деп есептейді. Сонымен қатар, шетел зерттеушілері ауыл тұрғындарының экономикалық дербестігін нығайту, аграрлық нарыққа шығуына және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, техникалық қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау, қайта өңдеу, тасымалдау, маркетинг және бөлшек сауда сияқты кезеңдерде АШК белсенді қызмет атқарады деп түсіндіреді [10-11]. Олар өндірісті Кооперативтер фермерлерге төмен транзакциялық шығындармен арзан ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде ұжымдық сатып алу мен келіссөз жүргізу қабілетін арттырады. Бұдан бөлек, олар шағын шаруашылықтар үшін ауқым үнемділігін қамтамасыз етіп, электр энергиясы тапшылығын төмендетуге ықпал етеді. Осы тетіктердің арқасында әлемнің көптеген елдерінде ауыл шаруашылығы кооперативтері әртүрлі ұйымдастырушылық формаларда құрылып, нарықтық ортаның үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделе отырып дамуын жалғастыруда [12].

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) әзірлеген 2023–2032 жж. арналған ауыл шаруашылығының даму болжамында АШК ауыл тұрғындарының табысын арттырудың маңызды механизімі ретінде қарастырылған [13].

2024 жылдың соңында еліміздегі жалпы жұмыс күшінің (9 664 мың адам) 41,2 %-ы немесе 3 981,1 мың адам ауылдық аумақтарда шоғырланған. Ресми статистикалық деректерге сүйенсек, олардың 95,3%-ы жұмыспен қамтылған. Алайда, ауыл шаруашылығы саласында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі 33,7%-ды құрап отыр [14]. Аталған көрсеткіш ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымында өнімділік деңгейінің төмен екенін, шағын фермерлік және жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесі басым екенін көрсетеді. Халықаралық тәжірибе мұндай өндірушілердің көбіне қосылған құны жоғары өңделген өнімдерден гөрі бастапқы шикізат түріндегі өнімдерді өткізуге бейім екенін, сондай-ақ олардың қазіргі заманғы аграрлық нарықтарға интеграциялану үдерісінде институционалдық және технологиялық тосқауылдарға жиі ұшырайтынын көрсетеді [15].

Бұл зерттеу Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына әсерін кешенді бағалауға бағытталды. Зерттеу барысында сандық және сапалық әдістер үйлесімді қолданылып, 2015 ж. қабылданған «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңнан кейінгі даму кезеңі негізге алынды. Аталған заң күшіне енгеннен кейінгі кезеңдегі кооперативтердің дамуын бағалау үшін динамикалық әдіс қолданылды. Бұл тәсіл арқылы 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі статистикалық көрсеткіштер сараланып, кооперативтердің қалыптасуы мен кеңею үрдістері және ауыл тұрғындарының динамикалық өзгерістеріне талдау жасалды.


Көп факторлы корреляциялық талдау әдісі кооперативтердің қызметі мен ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты анықтау үшін пайдаланылды. Бұл әдіс кооперативтердің нақты әсер ету деңгейін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Кейс-стади әдісі арқылы зерттеудің нысаналы облыстары бойынша (Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан) АШК-нің даму деңгейінің осы облыстардағы ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына ықпалы анықталды.

Сапалық деректерді жинау үшін фокус-топтар әдісі қолданылды. Осы әдіс арқылы Ақмола, Маңғыстау, Атырау, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарында ауыл тұрғындары, фермерлік және үй шаруашылықтарының жетекшілері, АШК өкілдері, аудан әкімдері, басқарма басшылары мен кооператив мүшелерімен терең сұхбаттар жүргізіліп, пікір алмасу ұйымдастырылды. Бұл АШК-нің ауылдық елді мекендердің дамуына қосар үлесін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. АШК-нің ауыл тұрғындарының әлеуметтік және экономикалық өміріне ықпалын бағалау мақсатында сауалнама жүргізіліп, кең ауқымды деректер жиналды. Сауалнама барлық нысаналы облыстарының ауыл тұрғындары, үй және фермерлік шаруашылық иелері, жергілікті атқарушы орган өкілдері арасында өткізілді және барлық облыс бойынша 126 респондент қатысты. Сондай-ақ, максималды және минималды деңгей әдісі қолданылып, облыстардағы кооперативтер саны мен ауыл тұрғындарының үлесі бойынша ең жоғары және ең төмен көрсеткіштер салыстырылды. Бұл тәсіл кооперативтердің ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына ықпалын бағалауға мүмкіндік берді. Қолданылған әдістердің үйлесімі зерттеу нәтижелерінің кешенділігі мен сенімділігін қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына тигізетін әсерін тереңірек түсінуге жол ашты.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту және тұрақты табыс көзін қалыптастыру, ауыл халқының депопуляциясын еңсеру, ұсақ тауар өндірушілердің өндірістік шығындарын төмендету, отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өндіріс көлемін ұлғайту арқылы импорттық өнімдердің көлемін азайту мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуды көздейді [5-6]. Себебі әлемдік тәжірибе көрсеткендей, АШК өндірістік функцияларымен қатар фермерлік шаруашылықтардың табысын арттыруда және ауыл халқын жұмыспен қамту мәселесін шешуде маңызды құралдардың бірі болып табылады. Өкінішке орай 2024 жылдың басында Қазақстандағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің құрамындағы АШК-нің үлесі тек 2%-ы ғана құрады [16].


2019 жылдан бастап Қазақстанда шағын ауыл шаруашылық өндірушілерін кооперативтерге біріктіру бойынша жұмыстар нығайды. Соның нәтижесінде 2024 жылдың соңына қарай АШК саны 4465-ке жетті, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 57,2%-ға артық. Дегенмен, 2019 үй шаруашылықтарының үлесі 52% болса, 2023 ж. 55% болды. АШК-і санының жылдан-жылға артуына қарамастан, мүшелерінің саны азайған. АШК мүшелерінің басым бөлігі шағын шаруашылықтардан тұрады (1-сурет).



Сурет 1 – Ауыл шаруашылығы кооперативі мүшелерінің құрамы, % (2024 ж.)

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

1-суретке сәйкес, 2024 ж. АШК-і мүшелерінің құрамындағы үй шаруашылықтарының үлесі 53%; дара кәсіпкерлер және шаруа (фермерлік) қожалықтардың үлесі 46%, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үлесі не бары (заңды тұлғалар) 1% құрады. Мұндай шағын фермерлік шаруашылықтар, әдетте, өнім өндіруге жұмсалатын жоғары шығындар, өнім сапасының төмендігі, аграрлық қызметтерге қолжетімділіктің шектеулілігі, несиелеу тетіктерінің әлсіздігі және өңдеуші кәсіпорындармен тиімді өзара байланыстың болмауы сияқты бірқатар құрылымдық және экономикалық қиындықтарға тап болады. Дамыған елдер тәжірибесі шағын шаруашылықтардың шикізат өнімдерін сатуға бейім екенін, заманауи нарыққа шығуда қиындықтарға тап болатыны және әлеуметтік мәселелерді шешуде әлсіз екенін көрсетеді. Аталған мәселелерді тереңірек зерттеу мақсатында біз Республиканың әр өңірінен ауыл тұрғындарының үлесі жоғары және жалпы халық саны азайып отырған аймақтарды (Шығыс және Солтүстік Қазақстан) таңдадық. Оларға Солтүстік өңірден – Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары, Оңтүстік өңірден – Жамбыл және Қызылорда облыстары, Шығыс өңірден – Шығыс Қазақстан облысы, Батыс өңірден – Атырау және Маңғыстау облыстары жатады. Зерттеу барысында осы аймақтардағы ауыл тұрғындарының динамикалық өзгерістері талданды (2-сурет).



Сурет 2 – Республика бойынша зерттеудің нысаналы облыстарындағы ауыл тұрғындарының өзгеру динамикасы, %

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Суреттен көріп отырғанымыздай, Республика бойынша 2024 жылғы ауыл тұрғындарының орташа үлесі 37,0% құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 4,9% азайды. Ауыл тұрғындарының азаюы, біздің зерттеуіміздегі барлық облыстарға тән. Атап айтқанда қарастырылып отырған кезеңдер аралығында ауыл тұрғындарының орташа үлесі: Ақмола облысында – 7,7%; СҚО-да – 4,4%; ШҚО-да 4,4%; Қызылорда облысында – 2,9%, Жамбыл облысында – 3,2 % азайған. Ал батыс өңірлерде (Атырау және Маңғыстау облыстары) мұндай күрделі құбылыс байқалмайды.


Зерттеліп отырған облыстардың ішінде Ақмола облысында ауыл тұрғындарының үлесінің азаюы ерекше байқалып отыр. Себебі Ақмола облысындағы бірнеше ауылға қала немесе қала типтес елді мекен мәртебесі берілген. Атап айтқанда, 2021 ж. Целиноград ауданының Қосшы ауылы облыстық маңызы бар қала мәртебесін алды.

Ендігі кезекте біз бұл облыстардағы ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына АШК-інің қаншалықты әсер етуі мүмкін?, жалпы Қазақстандағы ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсартуға және табысын арттыруға АШК-і қалай әсер етеді?, ауыл тұрғындарының кооперативтерге бірігуге ынтасына және белсенділігіне қандай факторлар әсер етеді? деген сұрақтарға жауап іздейміз. Ол үшін ең алдымен АШК-нің өңірлер бойынша шоғырлану деңгейі мен олардың жер көлемін қарастырамыз.

2024 жылы Республика бойынша жұмыс істеп тұрған АШК-нің (4465 бірлік) басым бөлігі Түркістан (981), Жамбыл (423) және Батыс Қазақстан (399) облыстарында шоғырланған. 2019–2024 жж. бұл өңірлерде АШК-нің саны жағынан тұрақты өсім байқалды. Мысалы: Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында АШК саны екі еседен астам өскен, Түркістан облысында – 52,1%-ға артқан. Алайда, Республика бойынша ауыл шаруашылығының ең ірі өндіруші

облыстарында АШК саны айтарлықтай төмендеді. Нақтырақ айтқанда, Шығыс Қазақстан облысында – 25,0%, Ақмола облысында – 22,3%, Солтүстік Қазақстан облысында – 15,5%, Қостанай облысында – 3,2% қысқарды. Бұл үрдістер АШК-ін дамытудың тиімді тетіктерін тереңірек зерттеу мен жетілдіру қажеттігін көрсетеді.


Кооперативтердің табысты қызмет етуі үшін жайылым, шабындық және егістік жерлерге қолжетімділік маңызды рөл атқарады. Зерттеу жүргізіліп отырған нысаналы облыстардағы АШК-нің жетекшілері жер ресурстарының тапшылығы және қолжетімді жерлердің құнарсыздығы туралы жиі шағымданады (3-сурет).



Сурет 3 – Өңірлер бойынша АШК-не тиеселі жерлердің үлесі, % (2024 ж.)

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Республика бойынша 2024 ж. АШК-нің жер көлемі 102 371,9 га құрады. 3-суреттен көріп отырғанымыздай, оның басым бөлігі Жамбыл (18,7%), Түркістан (18,6%), Павлодар (14,9%), Ақтөбе (11,7%), облыстарына тиесілі. Ауыл шаруашылығының әлеуеті жоғары Ақмола, ШҚО, СҚО, Қостанай облыстарындағы АШК-не тиеселі жерлерінің үлесі не бары 2,3-5,3%-ды құрайды. Қызылорда және Маңғыстау облыстарында АШК-не тиеселі жерлердің үлесі 0,1%-ға да жетпейді. АШК-не тиеселі жерлердің үлесі аз облыстарда АШК-нің саны да біртіндеп азаюда. Себебі, АШК-нің мал жаюға, жем-шөп дайындауға, егін егуге және өндірісті кеңейтуге арналған мүмкіндіктері шектеулі, әрі құрамындағы мүшелерін арзан жем-шөп өнімдерімен қамтамасыз ете алмай келеді және мүшелері біртіндеп кооператив құрамынан шығуда. Нәтижесінде, АШК бойынша жұмыспен қамтылған қызметкерлерінің санында тұрақты өсім сақталмауда (4-сурет).



Сурет 4 – Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметкерлерінің саны, 2018–2024 жж.

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

4-суреттен көріп отырғанымыздай, 2018–2024 жж., АШК қызметкерлерінің санында тұрақты өсім сақталмады, керісінше 2022 жылға дейін азаю байқалды, Атап айтқанда пилоттық жоба басталғанға дейін (2018 ж.) АШК қызметкерлерінің саны 8513 болды. Бір жылдың ішінде (2019 ж.) бұл көрсеткіш 12,1% төмендеп, 7591 адамды құрады. Дегенмен, 2023 жылдан бастап қарқынды өсімді байқауға болады. 2024 ж. АШК-гі қызметкерлердің саны 2022 жылмен салыстырғанда 10,7% артты.

Ендігі кезекте зерттеу жүргізіліп отырған облыстар бойынша АШК-нің ауыл тұрғындарының үлесі мен халықтың тұрмыс сапасы көрсеткіштеріне әсерін анықтайтын боламыз. Осыған орай, біз нысаналы облыстар бойынша халықтың тұрмыс сапасы индикаторлары мен АШК-нің негізгі көрсеткіштеріне талдау жасаймыз (1-кесте).

Кесте 1 – Ауыл тұрғындарының үлесі және АШК-нің көрсеткіштерінің динамикасы (нысаналы зерттеу облыстары бойынша)

Облыстар	Жылдар	Ауыл тұрғындарының үлесі, %	АШК-нің саны, бірлік	АШК-нің мүшелерінің саны, бірлік	АШК-дегі тізімдік жұмысшылар саны, адам	АШК-нің өндірген өнім көлемі, тонна	АШК-гі орташа жалақы, мың теңге
Ақмола	2017	51,2	278	6 665	569	29 978,00	95,7
	2024	43,4	223	1648	293	8401,9	185,7
	Ауытқу, %	-15,23	-19,78	-75,27	-48,51	-71,97	94,04
Атырау	2017	44,7	23	72	142	64	94,6
	2024	44,6	38	148	58	28	205,7
	Ауытқу, %	-0,22	65,22	2,1 есе	-59,15	-56,25	117,44
Жамбыл	2017	59,7	98	1022	625	2914	80,2
	2024	56,6	423	1455	558	63 381,3	190,5
	Ауытқу, %	-5,19	3,3 есе	42,37	-10,72	20 есе	137,53
Қызылорда	2 017	55,9	184	1891	800	484,00	68,1
	2024	53,1	232	860	454	179,6	180,7
	Ауытқу, %	-5,01	26,09	-54,52	-43,25	-62,89	165,35
Маңғыстау	2017	55,2	17	5	21	0	140,6
	2024	54,5	82	28	98	0	305,7
	Ауытқу, %	-1,27	3,8 есе	4,6 есе	3,7 есе	0,00	117,43
Солтүстік Қазақстан	2017	55,6	194	4 529	296	24 568,00	90,8
	2024	51,1	125	2653	225	28 691,7	182,9
	Ауытқу, %	-8,09	-35,57	-41,42	-23,99	16,78	101,43
Шығыс Қазақстан	2017	39,7	362	4 494	512	9 065,00	105,3
	2024	33,4	234	487	429	4 326,0	177,9
	Ауытқу, %	-15,87	-35,36	-89,16	-16,21	-52,28	68,95
Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.							

1-кестеде зерттеу жүргізіп отырған: Ақмола, Атырау, Жамбыл, СҚО, ШҚО, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының ауыл тұрғындарының үлесі мен ондағы АШК-нің экономикалық көрсеткіштеріне динамикалық талдау жасалды.

2024 жылды 2017 жылмен салыстырғанда жоғарыда аталған барлық облыстар бойынша ауыл халқы азайған, әсіресе бұл үрдіс Ақмола (15,2%), Шығыс Қазақстан (15,9%) және СҚО-да (8,1%) ерекше байқалады. Қарастырылып отырған кезеңдер аралығында АШК-нің саны Шығыс Қазақстанда – 35,4%, СҚО-да 35,6%, Ақмола облысында 19,8% азайған. Ал АШК-нің мүшелерінің саны: Ақмола облысында 75,3%; ШҚО-да 89,2%; СҚО-да 41,4% және Қызылорда облысында 54,5% азайған. Дегенмен, АШК-ін дамыту мақсатында жүргізілген мемлекеттік

саясат аясында АШК-нің саны Жамбыл және Маңғыстау облыстарында 4 есеге жақын, ал Атырау облысында 65,2% артты. Бір қызығы АШК-нің саны артып отырған (Жамбыл және Атырау) облыстарда да АШК-дегі жұмысшылардың саны қысқаруда. Ал СҚО-да АШК-нің саны, мүшелері мен қызметкерлер санының азаюына қарамастан өндіріс көлемі 16,8% артты. Осы кезеңдер аралығында Жамбыл облысындағы АШК-мен өндірілген өнім көлемі 20 еседен астам артты. Бұл көрсеткіш 2019 жылдан бері қарай облыста іске асырылған пилоттық жобаның нәтижесін көрсетеді.

Ендігі кезекте зерттеу жүргізіліп отырған облыстардағы ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын көрсеткіштеріне талдау жасаймыз (2-кесте).

Кесте 2 – Ауыл халықының өмір сүру сапасы көрсеткіштерінің динамикасы (нысаналы облыстар бойынша)

Облыстар	Жылдар	Ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейі, %	Кедейлік деңгейі, % (ауыл)	Тұтынуға жұмсаған табыс, жан басына орташа, теңге	Атаулы ақшалай табыс (жан басына айына), теңге	Халықтың ақшалай шығындары, (жан басына, орташа) теңге
Ақмола	2017	5,2	3,0	48 420	72 866	44 787
	2024	4,6	4,2	107 050	187 902	104093
	Ауытқу, %	-11,5	40,0	1,1 есе	157,9	132,4
Атырау	2017	5,1	4,8	44 107	156 392	43 146
	2024	4,9	5,3	81 198	336 357	81064
	Ауытқу, %	-3,9	10,4	84,1	1,1 есе	87,9
Жамбыл	2017	4,5	4,4	34 845	54 564	33 201
	2024	4,8	7,4	82 498	144 639	81782
	Ауытқу, %	6,7	68,2	136,8	1,6 есе	1,4 есе
Қызылорда	2 017	5,2	3,1	37 171	62 630	35 796
	2024	4,8	5,0	80 669	152 265	80188
	Ауытқу, %	-7,7	61,3	117,0	1,4 есе	124,0
Маңғыстау	2017	4,9	5,0	41 139	122 306	40 691
	2024	5,0	10,9	82 076	255 016	82076
	Ауытқу, %	2,0	2,1 есе	99,5	1,5 есе	1,1 есе
Солтүстік Қазақстан	2017	5,1	3,8	52 347	71 402	47 240
	2024	4,6	6,3	117 529	197 987	113537
	Ауытқу, %	-9,8	65,8	1,2 есе	1,7 есе	1,4 есе
Шығыс Қазақстан	2017	4,7	3,1	56 506	74 594	52 348
	2024	4,6	8,8	116 020	231 853	113813
	Ауытқу, %	-2,1	2,8 есе	1,1 есе	1,2 есе	1,1 есе
Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.						

2-кестеде көрсетілгендей, зерттеліп отырған 7 облыстың ішінде ауыл халықының өмір сүру сапасы бойынша ең күрделі облыстарға: Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары жатады. Атап айтқанда 2024 жылды 2017 жылмен салыстырғанда ШҚО кедейлік деңгейі 3 есеге жақын өсен. Бұл ауыл халқының тұрмыс деңгейінің күрт нашарлағанын көрсетеді. Ал Маңғыстау облысында кедейлік деңгейі 2 еседен астам, табыстың өсуі баяу, әлеуметтік теңсіздік пен инфрақұрылым мәселелері байқалады. Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында кедейлік пен шығындардың күрт өсуі, сондай-ақ жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы ауыл тұрғындарының жағдайының нашарлауына әсер етеді. Ақмола және Қызылорда облыстарында жұмыссыздық азайғанымен табыстың өсуі халықтың негізгі қажеттіліктерін жабуға жеткіліксіз, яни өмір сүру деңгейі

айтарлықтай жақсармаған. Салыстырмалы түрде тұрақты дамып келе жатқан Атырау облысын жатқызуға болады.

Жалпы алғанда, Қазақстанның көптеген ауылдық аймақтарында кедейлік деңгейінің күрт өсуі және табыстың нақты құнының төмендеуі байқалады. Тіпті атаулы табыс артқанымен, инфляцияның, өмір сүру құнының өсуі мен жұмыссыздықтың әсерінен ауыл тұрғындары қиын жағдайға тап болуда. Нәтижесінде, Қазақстанның көптеген ауылдық аймақтарында ауыл халқының депопуляциясы, жастардың туған ауылында қалудан бас тартуы, ауыл тұрғындарының қартаюы және олардың қоғамдағы орнының әлсіреуі, сондай-ақ қала мен ауыл халқы арасындағы теңсіздіктің ұлғаюы сияқты мәселелер пайда болып отыр.

Келесі кезеңде 1 және 2-кестелердегі деректер негізінде көптік корреляция әдісі арқылы таңдалған 7 облыстағы ауыл халқы санының азаюына әсер етуші фактор ретінде халықтың тұрмыс сапасы көрсеткіштері мен АШК-нің экономикалық параметрлері арасындағы байланыс анықталды.

Бұл гипотезаны тексеру үшін аталмыш демографиялық көрсеткішке ықпал етуі мүмкін бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер жиналып, талдау жүргізілді. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін 2017–2024 жж. аралығын қамтитын деректер іріктелді және ол бірқатар айнымалылардан тұратын мәліметтер жиынтығын қамтиды.

Халық санының азаюына әсер ететін көрсеткіштер бойынша неғұрлым дәл қорытынды жасау үшін нәтижелік және факторлық көрсеткіштер арасындағы нақты байланыс анықталып, корреляция коэффициенті есептелді. Корреляция коэффициентінің мәні 0 мен 1 аралығында өзгереді. Оның мәні 1-ге неғұрлым жақын болса, байланыс соғұрлым тығыз болады.

Нәтижелік және факторлық белгілер арасындағы өзара байланысты анықтау үшін келесі регрессиялық теңдеу қолданамыз [17]:

$$\hat{y} = f(x_1, x_2, \dots, x_n) \quad (1)$$

Мұндағы:

$\hat{y}$ – тәуелді айнымалы (нәтижелік белгі),

x_i – тәуелсіз немесе түсіндіруші айнымалылар (фактор-белгілер).

Кесте 3 – Корреляцияланған параметрлерді есептеу үшін қолданылатын айнымалылар

Факторлар тобы	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Белгіленуі
Негізгі	Ауыл тұрғындарының үлесі	%	У
Ауыл шаруашылығы кооперативтері бойынша экономикалық көрсеткіштер	Белсенді АШК-нің саны	бірлік	X1
	АШК-нің мүшелерінің саны	бірлік	X2
	АШК-дегі тізімдік жұмысшылар саны	адам	X3
	АШК-нің өндірген өнім көлемі,	тоннамен	X4
	АШК-гі қызметкерлердің орташа жалақысы	мың теңге	X5
Халықтың өмір сүру сапасының индикаторлары	Ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейі	%	X6
	Тіршілік ету минимумынан төмен табысы бар ауыл тұрғындарының үлесі (кедейлік деңгейі, ауыл)	%	X7
	Тұрғындардың тұтынуға жұмсаған табыстары, ауыл (жан басына орташа)	теңге	X8
	Халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы	теңге	X9
	Халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығындары	теңге	X10
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.			

3-кестеде АШК-нің даму жағдайы (5 индикатор) немесе халықтың тұрмыс сапасы (5 индикатор) – ауыл тұрғындарының өзгерісіне әсер етуі мүмкін бе? және ол біздің зерттеуіміздегі

қай облысқа қалай әсер етеді? – деген сұраққа жауап іздеуге тырыстық. Зерттеу барысында нысаналы облыстардың 2017–2024 жж. аралығындағы деректері негізге алынды. Аталған деректер аясында корреляциялық әдісті қолдандық. Нәтижесінде, көрсетілген екі факторға қатысты 10 индикатор және әр облыстың ауыл тұрғындарының үлесі арасындағы өзара тәуелділік есептеліп, коэффициенттер бір кестеге жинақталып көрсетілді (4-кесте).

Кесте 4 – Өңірлердегі ауыл тұрғындарының үлесіне АШК-нің дамуы және халықтың тұрмыс сапасы көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстың нәтижелері

Белгіленуі	Ақмола	Атырау	Жамбыл	Қызылорда	Маңғыстау	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан
X1	0,86	-0,2	-0,78	0,09	-0,54	0,87	0,98
X2	0,95	-0,24	-0,25	0,87	-0,32	0,59	0,81
X3	0,73	0,83	-0,082	0,8	-0,32	0,9	0,92
X4	0,73	-0,29	-0,96	0,42	0,42	-0,52	0,73
X5	-0,95	-0,34	-0,65	-0,97	-0,61	-0,82	-0,35
X6	0,19	0,68	-0,78	0,73	-0,24	0,12	-0,47
X7	-0,024	0,35	-0,28	0,39	0,39	-0,67	0,31
X8	-0,87	-0,86	-0,85	-0,95	-0,71	-0,93	-0,97
X9	-0,89	-0,84	-0,87	-0,97	-0,78	-0,94	-0,97
X10	-0,87	-0,87	-0,84	-0,95	-0,7	-0,94	-0,97

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Мұндағы:

Жасыл түс

Сары түс

Қызыл түс



Өзара тура байланыс (оң әсер)

Өзара кері байланыс (теріс әсер)

Әлсіз байланыс (бейтарап, әсері төмен)

4-кестеде Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстардың 2017–2024 жж. АШК-нің дамуы (5 индикатор) мен халықтың тұрмыс сапасының (5 индикатор) көрсеткіштері бастапқы деректер ретінде қолданылды. Бұл 10 индикаторды кестеде ықшамдап көрсету мақсатында X1- X10 аралығындағы өрнектермен белгіленді. Өрнектер атауы 3-кестеде көрсетілді. Зерттеліп отырған облыстардағы халық санының өзгерісіне факторлардың әсері бойынша келесідей қорытынды жасауға болады:

Біріншіден, ауыл тұрғындарының үлесі мен АШК даму жағдайы (X1–X4) бойынша нәтижелер:

♦ ауыл тұрғындарының үлесі мен АШК-нің даму жағдайы арасындағы оң мәнге ие облыстарға: Ақмола, СҚО, ШҚО жатқызуға болады. Бұл облыстарда ауыл тұрғындарының үлесі мен АШК-нің көрсеткіштері арасында тікелей байланыс бар екенін байқауға болады және АШК-ін дамытудың үлкен әлеуеті бар облыстар қатарына жатады.

♦ ауыл тұрғындарының үлесі мен АШК даму жағдайы арасындағы теріс және әлсіз байланысты көрсетіп отырған облыстарға: Жамбыл (теріс мән), Атырау, Маңғыстау облыстарын (әлсіз байланыс) жатқызуға болады. Бұл облыстарда ауыл тұрғындарының өзгеруі мен АШК-нің дамуы арасында байланыс аз.

X5 (АШК-гі қызметкерлердің орташа жалақысы) – барлық облыстарда теріс, яғни қызметкерлердің жалақысы орташа деңгейден төмен, бұл АШК-дегі табыс деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Бірақ біз, жалақы мен АШК-дегі қаржылық тиімділігі – ауыл халқының жағдайын жақсартудың негізгі кілті екенін ескергеніміз дұрыс.

Нәтижесінде, АШК-ның дамуы ауыл тұрғындарының немесе ондағы жұмысшылардың табысын арттыра алмай отырғанын байқаймыз. АШК белсенді дамып жатса да, олардың ауыл халқының нақты өмір сапасын жақсартуға әсері шектеулі болып отыр. Яғни, кооперативтер құрылым ретінде бар, бірақ халыққа тікелей экономикалық пайда әкеле алмауда. Сол себепті, АШК-ін дамыту еліміздің барлық облыстары үшін халықтың тұрмысын жақсартудың басты құралы бола алмауы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Екіншіден, ауыл тұрғындарының үлесі мен халықтың өмір сүру сапасы (Х6–Х10) арасындағы байланыстың нәтижелері:

- ♦ тұрмыс деңгейі салыстырмалы түрде жақсы облыстарға: СҚО, Жамбыл (кедейлік пен жұмыссыздық төмен) облыстарын жатқызуға болады.

- ♦ тұрмыс сапасы төмен (табыс, шығын, кедейлік) облыстарға: Ақмола, Атырау, Маңғыстау, ШҚО, Қызылорда облыстары жатады, әсіресе ШҚО, Қызылорда, Атырау облыстарындағы ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы күрделі. Бұл облыстарда ауыл тұрғындарының табысы мен шығындары төмен, кедейлік пен жұмыссыздық жоғары.

Х6 (ауылдағы жұмыссыздық деңгейі) бойынша, яғни жұмыссыздық жоғары аймақтарда (мысалы, Қызылорда, Атырау) кедейлік те жоғары. Бұл халықтың тұрақты табыс көзіне мұқтаж екенін білдіреді. Осы орайда, бұл облыстарда АШК аясында жұмыс орындарын көптеп ашып, қол жетімді еңбекпен қамту құралын ұсынуы тиіс.

Х7 (кедейлік деңгейі) – көрсеткіші барлық облыстар үшін ауыл тұрғындарының өзгерісіне әсері өте әлсіз екенін көрсетеді.

Х8–Х10 (Ауыл халқының нақты табысы мен шығындары) – біздің зерттеуіміздегі барлық облыстарға ауыл тұрғындарының үлесі мен табыс, шығын көрсеткіштері арасында теріс байланыс бар. Бұл ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі төмен екенін растайды.

Қорытындылай келе, АШК-нің белсенділігі мен қатысушылар саны жоғары облыстар, яғни АШК саны мен мүшелері көп болғанымен (мысалы, Ақмола, Жамбыл, ШҚО, СҚО), бұл халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ете бермеуі мүмкін. Бұл сапалық емес, сандық өсу екенін көрсетеді: яғни кооперативтер көп, бірақ пайдасы аз. Сол себептен, АШК саны емес, олардың тиімділігі мен халыққа тигізетін пайдасы маңызды. АШК халыққа тек өндірістік емес, әлеуметтік пайда да әкелуі керек (мысалы: арзан өнім, қызмет, несие, техника).

Біз зерттеу жүргізген облыстардағы АШК-нің дамуының сандық және сапалық көрсеткіштер нәтижелерін ескеретін болсақ, шаруашылық субъектілерінің бұл түрінің дамуын тежеп отырған келесі факторларды атап өтуге болады: а) АШК-і құрамындағы мүшелерінің табыс бойынша өзара келісімге келе алмауы, өзара сенімсіздік пен келіспеушілік фактілері; б) АШК қызықтыратын және басқа шаруашылық субъектілерімен салыстырғанда басымдылық беретін арнайы шарттарының болмауы; в) АШК-ін қаржылай немесе техникалық жағынан қолдау жобалары мен бағдарламаларындағы шарттардың жиі өзгеруі, оның ішінде ауыл шаруашылығы техникаларын субсидиялау шарттарының жиі өзгеруі; с) аграрлық білім мен кеңес беру қызметтеріне қол жетімділіктің төмен болуы, д) ауыл тұрғындарына, шағын шаруашылық шығындар мен үй шаруашылықтарына АШК-і туралы насихат жұмыстарының жоғары деңгейде өткізілмеуі және жетіспеушілігі, кооператив басшылары мен мамандарының кәсіби даярлығының төмен болуы және т.б.

Қорытынды

Әлем бойынша АШК-і ауылдық аймақтар үшін тұрақты жұмыс орындарын құру, ауыл тұрғындарының табысын арттыру, мемлекеттің импорттық өнімдерге тәуелділігін азайту, азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, ауыл халқының депопуляциясы, ауылдық аймақтардағы инфрақұрылымдарды дамыту және т.б. мәселелерді реттеуде маңызды рөл атқарады. Алайда Қазақстанның әр өңірі бойынша жүргізілген зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, бұл шаруашылық нысаны ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру тетігі ретінде әлі де жеткіліксіз деңгейде жұмыс істеуде. Осыған орай, АШК-нің қазіргі даму деңгейі Қазақстанның барлық өңірлерінде ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсартуға әлсіз әрі жанама ықпал етуде.

АШК құрылымдық және өндірістік тұрғыдан дамығанымен, олардың ауыл халқының табыс деңгейі, жалақы мөлшері және өмір сүру сапасының жақсаруына тікелей ықпалы әлі де шектеулі

болуда. Қазіргі уақытта АШК-ін дамыту және кооперативтерді құру үдерісін үйлестіру міндеті ауыл шаруашылығы басқармалары мен жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жүктелген. Бұл ретте, мемлекеттік басқару органдары негізінен кооперативтерді құруға басымдық беріп, олардың тұрақты, әрі сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық, қолдау көрсету мәселелеріне жеткілікті деңгейде қолдау көрсете алмай келеді. Бұл жағдайлар АШК-нің тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін жергілікті басқару органдарына қойылатын талаптарды күшейту қажеттігін көрсетеді.

АШК-ін дамыту арқылы ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту үшін:

Біріншіден, АШК-ін мемлекеттік қолдау тетіктерін нығайту, әсіресе АШК-дамытудың ұйымдастырушылық-басқарушылық тетіктерін нығайту қажет. Зерттеу нәтижелері барысында фермерлік шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өнімдерін өткізу, консультациялық және техникалық жабдықтау қызметтеріне мұқтаж екені анықталды. Осыған орай, АШК-ін өнімді өткізу, жабдықтау, қызмет көрсету (консультациялық қолдау) бағытында дамытудың маңызы зор екені байқалады. АШК-нің мұндай түрлері елімізде мүлдем дамымаған.

Екіншіден, үй шаруашылықтары (ауыл тұрғындары), ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері және фермерлік шаруашылықтармен жүргізілген жеке сұхбаттар, сауалнамалар нәтижесінде басым облыстарда АШК-інің санына ғана мән беріліп, олардың қызмет нәтижелері мен ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына әсері ескеріле бермейтіні анықталды. АШК-нің және оның мүшелерінің санына емес, олардың өндірістік әлеуеті және сол өңірдегі халықтың тұрмыс сапасын қаншалықты жақсартта алды? – деген сұраққа баса назар аудару қажет. Яғни, АШК-нің экономикалық тиімділігі мен ауыл тұрғындарына пайдасы арасындағы нәтижеге мән берген дұрыс. АШК халыққа тек өндірістік емес, әлеуметтік пайда да әкелуі керек (мысалы: арзан өнім, қызмет, несие, техника).

Үшіншіден, еліміздегі облыстардың ауыл шаруашылығы әлеуеті, табиғи ерекшеліктері, жер құрылымдары және ауыл тұрғындарының үлесіне байланысты, АШК-ны дамыту барлық облыстарда халықтың тұрмыс деңгейін жақсартудың негізгі құралы бола алмауы мүмкін екенін ескеру қажет.

Төртіншіден, АШК-не бірігуге ынталы шаруашылық субъектілер мен ондағы қызметкерлерді қаржылай қолдау тетіктерін жетілдіру.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің № AP23490441 «Солтүстік өңірлердің ауылдық аумақтарын кеңістікте дамыту жағдайында АӨК әлеуетін іске асыруды зерттеу, ауыл халқының әл-ауқатын арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу» гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді. Зерттеуді қаржыландырған ҚР ҒЖБМ ҒК және зерттеуге қолдау көрсеткен Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдігіне алғыс білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Año Internacional de las Cooperativas de la ONU 2025. 2025. URL: <https://ica.coop/es/ano-internacional-cooperativas-onu-2025> (accessed: 16.04.2025)

2 General Assembly. 2024. International Year of Cooperatives 2025. URL: <https://2025.coop/iyc/> (accessed: 16.04.2025)

3 Contribution of the Cooperatives in Agricultural Sector to the Sustainable Development Goals. International Labour Organization. 2020. URL: [file:///C:/Users/w2/Downloads/Report_on_agricoops_contribution_to_SDGs%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/w2/Downloads/Report_on_agricoops_contribution_to_SDGs%20(1).pdf) (accessed: 18.04.2025)

4 Zhu X., Wang G. Impact of Agricultural Cooperatives on Farmers' Collective Action: A Study Based on the Socio-Ecological System Framework // Agriculture. 2024. Vol. 14(1). No. 96. P. 1–17. URL: <https://doi.org/10.3390/agriculture14010096>

5 Закон РК «О сельскохозяйственных кооперативах» от 29 октября 2015 года, № 372-V ЗРК. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000372> (дата обращения: 25.04.2025)

6 Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023–2027 годы, 28 марта 2023 года. № 270. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270> (дата обращения: 26.04.2025)

- 7 Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы, 30 декабря 2021 года. № 960. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (дата обращения: 28.04.2025)
- 8 Комплексный план по развитию переработки сельскохозяйственной продукции на 2024–2028 годы, 28 июня 2024 года. № 512. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000512> (дата обращения: 28.04.2025)
- 9 Правительство признало неэффективность программы сельхозкооперации. Eldala.kz. 07 августа 2024. URL: https://eldala.kz/novosti/kazakhstan/19875-pravitelstvo-priznalo-neeftivnost-programmy-selhozkooperacii?utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 03.05.2025)
- 10 Lipatova N.N., Mamai O.V., Mamai I.N., Gazizyanova Y.Y., Galenko N.N. Agricultural cooperation as a factor in sustainable rural development // IOP Conference Series: Earth & Environmental Science. 2021. No. 745. 012018. P. 1–7. URL: DOI 10.1088/1755-1315/745/1/012018
- 11 Siregar A.P., O'Donoghue C., Whay B. Agricultural Co-operatives in Four Asian Countries: A Review of Institutional History // Reviews in Agricultural Science. 2024. Vol. 12. P. 24–44. URL: https://doi.org/10.7831/ras.12.0_24
- 12 Porter G., Phillips-Howard K. Comparing contracts: An evaluation of contract farming schemes in Africa // World Development. 1997. Vol. 25. No. 2. P. 227–238. URL: [https://doi.org/10.1016/S0305-750X\(96\)00101-5](https://doi.org/10.1016/S0305-750X(96)00101-5)
- 13 OECD-FAO Agricultural Outlook 2023–2032. Food and Agriculture Organization of the United Nations. 2023. URL: <https://www.fao.org/3/-cc6361en/cc6361en.pdf> (accessed: 19.05.2025)
- 14 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. 2017–2023 жж. URL: <https://stat.gov.kz> (өтініш берілген күн: 21.05.2025)
- 15 Wati R., Tan F., Games D., Ridwan E. SMEs Strategies to Improve the Competitiveness of Dairy Products in West Sumatra Province // American Journal of Animal and Veterinary Sciences. 2023. Vol. 18. No. 2. P. 139–146. URL: <https://doi.org/10.3844/ajavsp.2023.139.146>.
- 16 Кабжалялова М., Калдаров С., Ахмедьярова А. Почему сельскохозяйственные кооперативы не распространены в Казахстане? // 2024 АО «Halyk Finance», 8 августа 2024 года. URL: https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac_agrico.pdf (дата обращения: 28.05.2025)
- 17 Удинцова Н.М., Коптева Н.А., Середина М.Н., Серёгина В.В. Экономико-математические методы и моделирование: учебное пособие. – Волгоград: Азово-Черноморский инженерный институт ФГБОУ ВО Донской ГАУ, 2019. – 149 с.

REFERENCES

- 1 Año Internacional de las Cooperativas de la ONU 2025. 2025. URL: <https://ica.coop/es/ano-internacional-cooperativas-onu-2025> (accessed: 16.04.2025). (In English).
- 2 General Assembly. 2024. International Year of Cooperatives 2025. URL: <https://2025.coop/iyc/> (accessed: 16.04.2025). (In English).
- 3 Contribution of the Cooperatives in Agricultural Sector to the Sustainable Development Goals. International Labour Organization. 2020. URL: [file:///C:/Users/w2/Downloads/Report_on_agricoops_contribution_to_SDGs%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/w2/Downloads/Report_on_agricoops_contribution_to_SDGs%20(1).pdf) (accessed: 18.04.2025). (In English).
- 4 Zhu X., Wang G. (2024) Impact of Agricultural Cooperatives on Farmers' Collective Action: A Study Based on the Socio-Ecological System Framework // Agriculture. Vol. 14(1). No. 96. P. 1–17. URL: <https://doi.org/10.3390/agriculture14010096>. (In English).
- 5 Закон РК «О сельскохозяйственных кооперативах» от 29 октября 2015 года, No. 372-V ZRK. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000372> (дата обращения: 25.04.2025). (In Russian).
- 6 Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023–2027 годы, 28 марта 2023 года. No. 270. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270> (дата обращения: 26.04.2025). (In Russian).
- 7 Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы, 30 декабря 2021 года. No. 960. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (дата обращения: 28.04.2025). (In Russian).
- 8 Kompleksnyj plan po razvitiju pererabotki sel'skhozjajstvennoj produkcii na 2024–2028 gody, 28 ijunja 2024 goda. No. 512. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000512> (дата обращения: 28.04.2025). (In Russian).
- 9 Pravitel'stvo priznalo nejeftivnost' programmy sel'hozkooperacii. Eldala.kz. 07 avgusta 2024. URL: https://eldala.kz/novosti/kazakhstan/19875-pravitelstvo-priznalo-neeftivnost-programmy-selhozkooperacii?utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 03.05.2025). (In Russian).

10 Lipatova N.N., Mamai O.V., Mamai I.N., Gazizyanova Y.Y., Galenko N.N. (2021) Agricultural cooperation as a factor in sustainable rural development // IOP Conference Series: Earth & Environmental Science. No. 745. 012018. P. 1–7. URL: DOI 10.1088/1755-1315/745/1/012018. (In English).

11 Siregar A.P., O'Donoghue C., Whay B. (2024) Agricultural Co-operatives in Four Asian Countries: A Review of Institutional History // Reviews in Agricultural Science. Vol. 12. P. 24–44. URL: https://doi.org/10.7831/ras.12.0_24; https://doi.org/10.7831/ras.12.0_24. (In English).

12 Porter G., Phillips-Howard K. (1997) Comparing contracts: An evaluation of contract farming schemes in Africa // World Development. Vol. 25. No. 2. P. 227–238. URL: [https://doi.org/10.1016/S0305-750X\(96\)00101-5](https://doi.org/10.1016/S0305-750X(96)00101-5). (In English).

13 OECD-FAO Agricultural Outlook 2023–2032. Food and Agriculture Organization of the United Nations. 2023. URL: <https://www.fao.org/3/-cc6361en/cc6361en.pdf> (accessed: 19.05.2025). (In English).

14 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttığy Ülttyq statistika bürosynyñ resmi saity. 2017–2023 jj. URL: <https://stat.gov.kz> (ötiniş berilgen kün: 21.05.2025). (In Kazakh).

15 Wati R., Tan F., Games D., Ridwan E. (2023) SMEs Strategies to Improve the Competitiveness of Dairy Products in West Sumatra Province // American Journal of Animal and Veterinary Sciences. Vol. 18. No. 2. P. 139–146. URL: <https://doi.org/10.3844/ajavsp.2023.139.146>. (In English).

16 Kabzhaljalova M., Kaldarov S., Ahmed'jarova A. (2024) Pochemu sel'skhozjajstvennye kooperativy ne rasprostraneny v Kazahstane? // 2024 AO «Halyk Finance», 8 avgusta. URL: https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac_agrico.pdf (data obrashhenija: 28.05.2025). (In Russian).

17 Udincova N.M., Kopteva N.A., Seredina M.N., Serjogina V.V. (2019) Jekonomiko-matemamaticheskie metody i modelirovanie: uchebnoe posobie. – Zernograd: Azovo-Chernomorskij inzhenernyj institut FGBOU VO Donskoj GAU. 149 p. (In Russian).

ЖЕНСХАН Д.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

БОДАУХАН К.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: kairat_2208@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3232-5315

ЛИМ С-С.,²

PhD, профессор.

e-mail: songsoo@korea.ac.kr

ORCID ID: 0000-0002-2894-1879

АППАЗОВА Г.Ж.,^{*1}

докторант.

*e-mail: banu.appazova.1994@gmail.com;

ORCID ID: 0009-0004-0486-2908

¹Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина,

г. Астана, Казахстан

²Корейский университет,

г. Сеул, Корея.

ОЦЕНКА РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КООПЕРАТИВОВ В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА И ИХ ВЛИЯНИЯ НА УРОВЕНЬ ЖИЗНИ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ

Аннотация

Сельскохозяйственные кооперативы (СХК) играют важную роль в повышении доходов сельского населения, создании рабочих мест, а также в снижении затрат фермеров. Целью статьи является научное обоснование наиболее благоприятных областей для развития СХК с учетом региональных особенностей страны и доли сельского населения, а также оценка их влияния на показатели качества жизни сельских жителей. Для достижения данной цели были проведены следующие исследования: выполнен сравнительный анализ

доли сельского населения по регионам Казахстана; в рамках методов максимальных и минимальных уровней была проведена динамическая оценка развития СХК, а также определены регионы с наибольшим потенциалом для их дальнейшего развития. В качестве объектов исследования были отобраны Жамбылская, Кызылординская, Мангистауская, Атырауская, Акмолинская, Северо-Казахстанская и Восточно-Казахстанская области. В контексте экономических показателей СХК научно обоснованы ключевые параметры, которые могут оказывать влияние на уровень доходов и качество жизни сельского населения в указанных регионах. Для выявления факторов, влияющих на сокращение численности сельского населения в этих областях, применен метод многофакторного корреляционно-регрессионного анализа. Данные охватывают период с 2017 по 2023 гг. Рассчитана взаимосвязь между численностью населения областей, показателями качества жизни населения и экономическими показателями по сельскохозяйственным кооперативам. В результате было установлено, что в регионах с растущим числом сельскохозяйственных кооперативов связь между их развитием и качеством жизни сельского населения остается слабой. В то же время в областях, являющихся крупными производителями сельскохозяйственной продукции, данный уровень взаимосвязи значительно выше. В этой связи государственные органы должны всесторонне разъяснять фермерам преимущества СХК, содействовать развитию таких их форм, как сбытовые, консультационные и технического обеспечения, обеспечивать доступ к земельным ресурсам, а также учитывать региональные особенности и долю сельского населения при организации кооперативов. Кроме того, важно уделять особое внимание социально-экономическому влиянию СХК на сельское население.

Ключевые слова: сельские регионы, сельскохозяйственные кооперативы, фермер, домохозяйства, сельские жители, уровень жизни, уровень дохода, уровень расходов.

ZHENS KHAN D.,¹

c.e.s, associate professor.

e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

BODAU KHAN K.,¹

c.e.s, associate professor.

e-mail: kairat_2208@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3232-5315

LIM S-S.,²

PhD, professor.

e-mail: songsoo@korea.ac.kr

ORCID ID: 0000-0002-2894-1879

APPAZOVA G.ZH.,^{*1}

PhD student.

*e-mail: banu.appazova.1994@gmail.com;

ORCID ID: 0009-0004-0486-2908

¹S. Seifullin Kazakh Agro-Technical

Research University,

Astana, Kazakhstan

²Korea University,

Seoul, Korea

ASSESSMENT OF THE DEVELOPMENT OF AGRICULTURAL COOPERATIVES IN THE REGIONS OF KAZAKHSTAN AND THEIR IMPACT ON THE LIVING STANDARDS OF RURAL RESIDENTS

Abstract

Agricultural cooperatives (ACs) play a key role in increasing rural incomes, creating jobs, and reducing farmers' costs. This article aims to scientifically identify the most favorable regions for AC development in Kazakhstan by considering regional characteristics and the share of rural population, and to assess their impact on rural quality of life. To achieve this, several research tasks were carried out: a comparative analysis of the rural population share across Kazakhstan's regions; within the framework of the maximum and minimum level methods, a dynamic analysis of the development of agricultural cooperatives (ACs) was conducted, and regions with the highest potential for further development were identified. The study focused on the following regions: Zhambyl, Kyzylorda, Mangystau, Atyrau, Ak-mola, North Kazakhstan, and East Kazakhstan oblasts. Based on the economic indicators of ACs, key parameters

that may influence the income levels and quality of life of rural populations in these regions were scientifically substantiated. A multifactor correlation-regression analysis was used to determine the factors influencing rural population decline. The study covers the period from 2017 to 2023. It examines the relationship between population size, indicators of quality of life, and economic indicators related to ACs. Findings show that in regions with a growing number of cooperatives, the connection between AC development and rural quality of life remains weak. However, in regions that are major agricultural producers, this relationship is significantly stronger. Therefore, government bodies should clearly communicate the benefits of ACs to farmers, support the development of marketing, advisory, and technical service cooperatives, ensure access to land resources, and take into account regional specifics and the rural population share. Special attention should be given to the socio-economic impact of ACs on rural communities.

Keywords: rural areas, agricultural cooperatives, farmer, households, villagers, living standards, income levels, cost of expenses.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.07.2025